



# QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№11 (2014) 10 НАУРЫЗ 2026 ЖЫЛ

## Түркі академиясымен ортақ ғылыми жобалар іске асады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Халықаралық түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаевпен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар екіжақты іс-қимылды кеңейту, ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыру және халықаралық деңгейдегі шараларды бірлесіп ұйымдастыру мәселелерін жан-жақты талқылады.

Кездесу нәтижесінде ҚазҰУ мен Түркі академиясының бірлескен іс-қимыл жоспары айқындалды. Атап айтқанда мамыр айында университет базасында өтетін түркологияға арналған халықаралық ғылыми конференцияның дайындық барысы нақтыланды. Аталған форум түркі халықтарының тілі, әдебиеті, та-

рихы мен мәдениетін кеңінен зерттеуге бағытталып, жас ғалымдардың ізденістеріне серпін бермек. Ауқымды шараға алыс-жақын шетелдердің белгілі түркологтері мен тарихшылары қатысады деп күтілуде.

Жүздесу соңында ректор Жансейіт Түймебаев алдағы халықаралық конференцияның стратегиялық маңыздылығын атап өтіп, университеттің іс-шараны жоғары деңгейде өткізуге толық қолдау көрсететінін жеткізді.

**Нұрсұлтан  
ЖЕКСЕНБАЕВ**



## Әйел-ғалымдар – зиялылықтың эталоны

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай, «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік: гендерлік саясаттың заманауи басымдықтары» атты мерекелік шара өтті.

Салтанатты жиынға оқу ордасының ғалымдары, оқытушы-профессорлар құрамы, сондай-ақ Корея, Қытай, Мысыр және Жапониядан келіп, университетте дәріс беріп жүрген шетелдік оқытушылар қатысты.

Бүгінде қара шаңырақ ұжымының 70 пайызын әйелдер қауымы құрайды. Ғылым жолында жүрген 966 әйел университетте табысты еңбек етіп келеді. Оқу ордасындағы 647 ғылым докторының 472-сі – әйелдер. Сонымен қатар 697 ғылым кандидатының 412-сі және 588 PhD доктордың 444-і – нәзік жандар.



Студенттердің де 40 пайызға жуығын қыздар құрайды.

Салтанатты кешті ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, әйелдердің қоғам мен ғылымдағы орнына ерекше тоқталды. «Қазіргі әйелдер қауымы, оның ішінде ҚазҰУ әйел-аналары тек шаңырақтың берекесі ғана емес, ол – білікті маман, табысты ғалым және шешім қабылдайтын саяси тұлға.

Халықаралық аренада Біріккен Ұлттар Ұйымы – әйелдер құқықтарын қорғаудың басты жаһандық қозғаушы күші. Тұрақты даму мақсаттарының бесінші бағыты толықтай гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге арналуы да символдық мәнге ие. Біздің қара шаңырақ үшін әйел-ғалымдар – ғылымның шыңы, білімнің шырағы және зиялылықтың эталоны», – деді ректор.

Мерекелік шара аясында университет дамуы мен ғылым саласына сіңірген елеулі еңбегі үшін бір топ әйел-оқытушылар мен ғалымдар ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби» алтын медалі және «Ерен еңбегі үшін» медалімен, алғыс хаттармен марапатталды.

Жиын университет азаматтары дайындаған концерттік бағдарламамен жалғасты. Кеш соңында барлық қатысушыларға университет басшылығы атынан мерекелік гүл шоқтары табыс етілді.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**



**2-бет**  
Көрнекті дипломат көшбасшылық дәріс оқыды



**3-бет**  
Міндетіміз – жастарды ізденіс пен жауапкершілікке үйрету



**4-бет**  
Студент-спортшылар: білім, мінез және жеңіске ұмтылыс





## Көрнекті дипломат көшбасшылық дәріс оқыды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі дипломат, төтенше және өкілетті елші Константин Жигаловпен кездесу өтті. ҚазҰУ-дың тарих факультетінің 1981 жылғы түлегі оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер алдында көшбасшылық дәріс оқыды.

Шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашты. Университет басшысы қонақты қарсы ала отырып, жаңа буын көшбасшыларын қалыптастыруда мұндай кездесулердің маңыздылығын атап өтті. Ректор Константин Жигаловқа салтанатты түрде «Әл-Фараби» алтын медалін және оның архивтегі студенттік құжаттарының көшірмелерін табыс етті.

«Еліміздің стратегиялық қайта құруларының бастауында әрдайым өз ісіне берілген азаматтар тұрды. Осындай көрнекті тұлғалардың бірі – Константин Васильевич Жигалов. Оның еңбек жолында сыртқы істер министрінің орынбасары, Президент көмекшісі лауазымдарындағы орасан зор тәжірибе бар. Константин Васильевич Қазақстан Республикасының Ұлыбритания, Польша, Бельгия, Люксембург, Нидерланды және басқа да елдердегі төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарды. Сонымен қатар құрметті қонағымыз Қазақстан Республикасының Еуропалық одақ пен НАТО жанындағы өкілдігін басқарды. Мемлекеттік және дипломатиялық қызметке қосқан үлесі үшін ол II дәрежелі «Достық» орденімен және бірқатар елдердің мемлекеттік

наградларымен марапатталған», – деп атап өтті Жансейіт Қансейітұлы.

Константин Жигалов жылы қабылдау үшін алғыс айтып, ҚазҰУ басшысымен оны достық қарым-қатынас, студенттік жастық шақ және халықаралық құрылыс отрядындағы жұмыс байланыстыратынын айтты. Дәріскер өзінің төрт онжылдықтан астам уақытты қамтитын кәсіби жолы туралы қызықты әңгімелеп берді. Ол 1992 жылғы қаңтардағы Давос экономикалық форумы, тәуелсіз Қазақстан Президентінің БҰҰ-дағы алғашқы сөздері, түрлі елдерде, соның ішінде Ұлыбританияда елшіліктердің ашылуы сияқты маңызды халықаралық оқиғаларға қатысудағы бірегей тәжірибесімен бөлісті.

«Мен үшін қара шаңырағыма оралып, болашақ мамандармен білімді бөлісу – үлкен мәртебе. Дипломатия – тіпті ең күрделі тарихи кезеңдерде де келісімге келу және көпір салу өнері», – деді Константин Васильевич.

Кездесу соңында дәріскер мен аудитория арасында «сұрақ-жауап» форматында мазмұнды сұхбат өтті, оған халықаралық қатынастар факультетінің студенттері мен оқытушылары белсенді қатысты.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

## Түркі мәдениеті мен мұрасын сақтау жайы талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұловамен кездесті.

Ақтоты Райымқұлова қордың түркі мәдениеті мен мұрасын сақтау және дамытуға бағытталған жобалары туралы айтты. Қазіргі таңда қор жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы мәдени құндылықтарды зерттеу және насихаттау бағытында ауқымды жұмыс атқаруда. Сондай-ақ Ақтоты Рахметоллақызы ұйымның 2026 жылға арналған стратегиялық жоспарын таныстырып, университет ғалымдарымен бірлескен мәдени жобаларды іске асыруды ұсынды. Кездесуде ректор Жансейіт

Түймебаев университеттің халықаралық мәдени байланыстарды нығайтуға, ғылыми зерттеулер мен мәдени жобаларды қолдауға үлкен мән беретініне тоқталды.



Түймебаев университеттің халықаралық мәдени байланыстарды нығайтуға, ғылыми зерттеулер мен мәдени жобаларды қолдауға үлкен мән беретініне тоқталды.


Келіссөз соңында екі тарап ҚазҰУ базасында бірлескен халықаралық конференция, симпозиум, дөңгелек үстел отырысын өткізуге уағдаласты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Сучжоу қалалық партия комитетінің хатшысы Фань Бомен келіссөз жүргізді. Жүздесуге қала вице-мэрі Цзи Цзин мен Сучжоу университетінің ректоры Чжан Цяо қатысты.

Кездесу барысында Фань Бо Сучжоу қаласының Қытайдың шығысындағы маңызына тоқталып өтті. Қалалық партия комитеті хатшысының айтуынша, бүгінде қала басшылығы ғылыми-техникалық инновацияларды дамытуға, жоғары технологиялық өндірістерді қолдауға және заманауи индустриялық экожүйе қалыптастыруға басымдық беріп отыр. Әсіресе «Жасанды интеллект+» форматына негізделген қаланы қалыптастыру бағытында белсенді жұмыс жүргізілуде.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан мен Орталық Азиядағы көшбасшылық ролін атап өтті. Университеттің

## Қытай университетімен тәжірибе алмасады



компьютерлік ғылымдар, жасанды интеллект, робототехника және цифрлық технологиялар саласында білікті мамандар даярлаудағы әлеуетіне, сондай-ақ іргелі әрі қолданбалы зерттеулердегі табыстарына тоқталды. Ректор ҚазҰУ соңғы жылдары Сучжоу университетімен және ірі салалық кәсіпорындармен бірлесіп білім, ғылым және өндіріс клас-

терін дамыту бағыттарында нәтижелі ынтымақтастық орнатқанын жеткізді.

Келіссөз нәтижесінде тараптар академиялық ұтқырлық бағдарламаларын кеңейтуге, оқытушылар мен студенттер алмасуды жандандыруға уағдаласты.

Нұрсұлтан  
ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Сапон» компаниясының Қазақстандағы өкілдерімен жүздесті. Кездесуге компания тарапынан Қазақстандағы өкілдігінің басшысы Леонид Линдин және Оңтүстік Қазақстан және Қырғызстан бойынша менеджер Виктор Сломинский қатысты.

Тараптар жасанды интеллект, жаңа технологиялар және заманауи медиа шешімдері бағытында ортақ жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

## ЖИ саласындағы ынтымақтастық

Жүздесу барысында университет ректоры Жансейіт Түймебаев қонақтарға оқу ордасының инфрақұрылымы мен ғылыми әлеуетін таныстырып, өзара тиімді бірнеше стратегиялық ұсыныс білдірді. Атап айтқанда университет базасында «Сапон» компаниясының арнайы бөлімшесін ашу және студенттер мен мамандардың тәжірибе алмасуына бағытталған бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу бастамасы көтерілді.

Ректор сондай-ақ ҚазҰУ-дағы заманауи техникамен жаб-

дықталған телестудия жұмысына және журналистика факультетіндегі кадр даярлау мәселесіне тоқталды.

Өз кезегінде Леонид Линдин ҚазҰУ ұсыныстарын толық қолдайтынын жеткізді. Өкілдік басшысы университетпен әріптестік орнату жоғары сапалы технологиялық шешімдерді білім беру процесіне енгізуге және екіжақты байланысты нығайтуға үлкен мүмкіндік екенін атап өтті.

Нұрсұлтан  
БАЗАРБАЙҰЛЫ





# Міндетіміз – жастарды ізденіс пен жауапкершілікке үйрету

«ЖОО үздік оқытушысы – 2025» республикалық байқауына 89 жоғары оқу орнынан 502 оқытушы қатысты. Олардың ішінен 37 ЖОО-дан 150 оқытушы жеңімпаз атанды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұстаздары да бұл додада әдеттегідей топ жарды.



ЖОО оқытушысы – тек білімнің көзі емес. Ол болашақ мамандардың кәсіби әрі адами қалыптасуына ықпал ететін көшбасшы болуы керек. Қазіргі заманда ғылым мен білімдегі жаңа үрдістер өте жылдам өзгеруде, сондықтан оқытушы үнемі ізденісте болып, жаңашылдыққа ашық болуы тиіс.


Өткен жылы Қытай Халық Республикасына біліктілікті арттыру мақсатында барып қайттым. Сол сапар барысында білім беру жүйесіндегі цифрландыру деңгейін, жасанды интеллектіні оқу процесіне тиімді енгізу тәжірибесін көріп, көп нәрсе үйрендім. Бұл маған қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні қолдану мен цифрлық технологияларды меңгеру аса маңызды екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді. Сонымен қатар ЖОО оқытушысы міндетті түрде ғылыми белсенді болуы қажет деп санаймын. Яғни тек дәріс оқып қана қоймай, ғылыми зерттеу жүргізіп, мақалалар жариялап, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайта алатын зерттеуші болуы керек. Ғылымсыз сапалы жоғары білім болмайды.

Үздік оқытушыға педагогикалық шеберлік те аса маңызды. Күрделі ақпаратты студентке түсінікті тілмен жеткізу, олардың қызығушылығын ояту – үлкен өнер. Әділдік пен талапшылдық та оқытушының басты қасиеттерінің бірі. Бағалауда ашықтық танытып, академиялық адалдықты сақтау – білім сапасының кепілі.

Мен үшін ұстаз болу – тек білім беру емес, тәрбиелеу. Студенттердің азаматтық ұстанымын, жауапкершілігін, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру – оқытушының маңызды миссиясы. Сонымен қатар әр студенттің ерекшелігін түсініп, қолдау көрсете білу, инклюзивті әрі қолайлы орта қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі.

Ең бастысы – оқытушы үнемі дамуға ұмтылуы керек. Жаңа технологияларды меңгеріп, заманауи әдістерді қолдана отырып, өзін кәсіби және тұлғалық тұрғыдан жетілдіру бүгінгі заман ұстазының негізгі қағидаты деп есептеймін.

Жалпы, дәріс оқитын пәнім бойынша мен оқу бағдарламасы қазіргі білім стандарттарына сай және кәсіби маман даярлауға жеткілікті деп есептеймін. Бағдарламада теория мен практика бір-бірімен үйлесімді түрде беріледі. Мысалы,



мен оқытатын «Фармөндірісі технологиялары» бағдарламасы аясында «Медико-биологиялық мақсаттағы полимерлер химиясы» пәні бойынша жаппай ашық онлайн курс жасалып, оқу бағдарламасына енгізілді. Оны тек ҚазҰУ студенттері ғана емес, еліміздің басқа университеттерінің студенттері мен шетел азаматтары да оқи алды.

Дегенмен ғылым мен технология тез дамып келе жатқан заманда оқу бағдарламасын үнемі жаңартып отыру қажет. Менің ойымша, оны жетілдірудің басты жолдарының бірі – цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін оқу процесіне енгізу. Екіншіден, өндіріс пен ғылым арасындағы байланысты күшейтіп, практикалық сабақтарды нақты өндірістік міндеттермен ұштастыру маңызды.

Мысалы, осы оқу жылы студенттер дәрістер мен лабораториялық жұмыстарды «Дорлап тиімді» және басқа өндіріс орындарында өткізді. Сонымен қатар студенттердің зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін жобалық оқыту әдістерін көбірек қолдану тиімді. Академиялық мобильділікті және халықаралық тәжірибені ескере отырып, пән мазмұнын өлемдік үрдістерге сәйкестендіру де өзекті.

Жалпы, білім беру бағдарламасы – бұл өзгермейтін құжат емес. Оны үнемі дамытып, заман талабына сай жетілдіріп отыру тиіс. Тек осы жағдайда біз бәсекеге қабілетті, кәсіби мамандарды даярлай аламыз.

Тағы бір айтарым, білікті маман даярлау тек университеттің міндеті емес, бұл – қоғам, мемлекет және өндіріс арасындағы ортақ жауапкершілік. Менің ойымша, қоғамдағы басты кемшін тұстардың бірі – теория мен практиканың арасындағы алшақтық. Кейде білім беру мазмұны еңбек нарығының нақты сұранысымен толық сәйкес келе бермейді. Өндіріс орындары мен жоғары оқу орындары арасындағы байланыс әлі де жүйелі түрде

күшейтуді қажет етеді. Студенттер оқу барысында нақты өндірістік жобаларға көбірек тартылуы тиіс.

Екінші мәселе – жастардың кәсіби бағдарлануы. Кей жағдайда мамандық таңдау саналы шешімнен гөрі кездейсоқ немесе сыртқы факторларға байланысты болып жатады. Бұл болашақта мотивацияның төмендеуіне әсер етеді. Сондықтан мектептен бастап кәсіби бағыт-бағдар беру жұмысы күшейтілуі керек.

Сонымен қатар қазіргі қоғамда жылдам нәтиже күту тенденциясы бар. Ал шынайы кәсіби шеберлік уақытты, табандылықты және үздіксіз еңбекті талап етеді. Біз жастарға төзімділік, жауапкершілік және еңбекқорлық құндылықтарын көбірек насихаттауымыз қажет.

Тағы бір маңызды тұс – цифрлық сауаттылық пен тілдік құзыреттілік. Қазіргі маман халықаралық ақпарат кеңістігінде еркін жұмыс істей алуы керек.

Қорыта айтқанда, білікті маман даярлау үшін білім сапасы, өндіріс байланысы, құндылықтық тәрбие және заманауи құзыреттер қатар дамуы тиіс деп ойлаймын.

Жалпы алғанда, қазіргі жастардың білімге деген мүмкіндігі өте жоғары. Ақпаратқа қолжетімділік кеңейді, цифрлық ресурстар, онлайн курстар, халықаралық бағдарламалар бар. Бұл үлкен артықшылық. Көптеген студенттер белсенді, ізденімпаз, жаңа технологияларды тез меңгереді. Дегенмен білім деңгейі әртүрлі. Кей жағдайда теориялық білім болғанымен, оны практикада қолдану дағдылары жеткіліксіз болып жатады. Сондай-ақ жүйелі ойлау, терең талдау жасау, ғылыми мәтінмен жұмыс істеу мәдениетін дамыту қажет.

Менің ойымша, мәселе – тек жастардың білімінде емес, олардың мотивациясында және мақсат айқындығында. Егер студент өз бағытын нақты түсініп, болашақ мақсатын айқындаса, оның білім деңгейі де жоғары болады. Сондықтан біздің міндетіміз – тек білім беру емес, жастарды ойлануға, ізденуге, жауапкершілік алуға үйрету. Сонда ғана олардың әлеуеті толық ашылады деп сенемін.

**Перизат ҮРКІМБАЕВА,**  
профессор міндетін атқарушы, химия және химиялық технология факультеті

## Сөз зергеріне арналған сырлы кеш

Журналистика факультетінде қазақ публицистикасының көрнекті өкілі, баспагер әрі қаламгер Мағира Қожахметованың 80 жылдық мерейтойына арналған «Әлемді өсем еткен арулар» атты әдеби-сазды мерекелік кеш өтті. Сөз зергеріне арналған сырлы кеш қазақ баспасөзінің дамуына сүбелі үлес қосқан қаламгердің шығармашылық жолын танытуға, оның журналистика мен баспагерлік саласындағы тәжірибесін жас буынға насихаттауға арналды.

Журналистика факультетінің деканы, белгілі медиа маманы Қанат Әуесбайұлы кештің модераторы болды. Жиынды ашқан декан мерейтой иесінің ұлттық журналистикадағы орнына тоқталып, оның шығармашылығы мен қоғамдық қызметі бірнеше буын журналистер үшін үлгі екенін атап өтті.

Іс-шара екі бөлімнен тұрды. Алғашқы бөлімі «Редактор мінбері» деп аталып, Марат Барманқұлов атындағы телестудияда кәсіби сұхбат форматында өрбіді. Шамамен 30 минутқа созылған бұл бөлімде Қанат Әуесбайұлы мерейтой иесімен еркін әңгіме өрбітіп, оның шығармашылық және редакторлық қызметінің маңызды кезеңдерін қамтыды. Сұхбат барысында Мағира Қожахметова республикалық басылымдардағы алғашқы еңбек жолы, журналистикадағы алғашқы тәжірибелері мен кәсіби қалыптасу кезеңі туралы естеліктерімен бөлісті.

Сонымен қатар ұзақ жылдар бойы бас редакторы болған «Ақ желкен» журналындағы тәжірибесіне тоқталып, балалар мен жасөспірімдерге арналған басылымның тәрбиелік-танымдық маңызы жайында ой қозғады. Қаламгер балалар баспасөзінің өзіндік ерекшеліктерін, сондай-ақ әйелдер аудиториясына арналған журналдардың мазмұндық бағыты мен жауапкершілігі туралы тың ойларын айтты. Баспагерлік қызметтің қиындықтары мен шығармашылық еркіндік мәселелері де сұхбаттың маңызды тақырыптарының бірі болды.

Сұхбат барысында студенттер өздерін толғандырған сауалдарын қойды. Олар «Жақсы журналист қандай болуы керек?» және «Қазіргі медианың басты мәселесі неде?» деген сұрақтар төңірегінде ой қозғап, тәжірибелі маманның пікірін тыңдады. Өз кезегінде Мағира Қожахметова болашақ журналистерге кәсіби адалдық, ізденіс пен жауапкершілік туралы кеңесін айтып, жас мамандарға үнемі оқып-үйреніп, қоғам мүддесіне қызмет ететін журналист болуға шақырды. Кештің екінші бөлімі «Қа-

ламгер әлемі» атты әдеби-танымдық бөліммен жалғасты. Бұл бөлімде Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының профессоры Жидегүл Әбдіжәділқызы мерейтой иесіне құттықтау сөз айтып, оның шығармашылығы қазақ әдебиеті мен журналистикасының тоғысында қалыптасқан ерекше құбылыс екенін атап өтті.

Профессордың жетекшілігімен 201-топ студенттері қаламгер шығармалары негізінде әдеби-мәтіндік композиция дайындады. Шара барысында студенттер жазушы прозасының көркемдік қуатын мәнгерлеп оқу арқылы көрерменге әсерлі жеткізді. Атап айтқанда Әнел Бағысбек «Жападан-жалғыз» шығармасынан үзінді оқыса, Тоғжан Әбутәліп «Мәншүк – ғұмыр» туындысын мәнгерлеп орындады. Ал Ерхан Аппаз «Жантәсілім» шығармасынан үзінді ұсынып, кейіпкердің ішкі толғанысын әсерлі жеткізе білді.

Сондай-ақ Айзат Ахметқали «Ақбай» шығармасын көркемдік нақышымен оқып, Ерғали Байдулла «Иманжүсіп» туындысындағы тарихи тұлғаның бейнесін айшықтай түсті. Ал Тельман Абдуллаев «Адам – құпия» шығармасынан үзінді оқып, автор көтерген философиялық ойларды терең сезіммен жеткізді. Студенттердің мәнгерлеп оқыған әдеби композициясын Мағира Қожахметова ерекше ықыласпен ұйыптыңдады. Шығармаларын бұрын көбіне іштей оқытынын айтқан қаламгер жастардың орындауына риза болып, өз мәтіндерін дауыстап оқуға да болатынын осы кеште жаңаша сезінгенін жеткізді.

Кеш соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың атынан қазақтың дәстүрлі құрметі ретінде иығына шапан жабылып, ақ орамал мен ықылас гүлдері табысталды.

**Нұрлыайым ТҰРСЫНБАЙҚЫЗЫ,**  
журналистика факультеті деканының әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

# Студент-спортшылар:

## білім, мінез және жеңіске ұмтылыс



**Қазіргі заманғы университет – бұл тек кәсіби білім беретін орта ғана емес, сондай-ақ жауапкершілікті өз мойнына ала алатын, биік мақсат қоя білетін және мақсаттарға жете алатын тұлғаны қалыптастыратын маңызды кеңістік. Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебі өз студенттерімен ерекше мақтанады. Олар білім және ғылыми тұрғыда ғана емес, сонымен қатар спорт саласында да жоғары нәтижелер көрсетіп, университетті, қаланы және елімізді республикалық әрі халықаралық деңгейде лайықты түрде танытып жүр.**

Бүгінде Экономика және бизнес жоғары мектебінде спортпен кәсіби түрде айналысатын 25-тен астам студент білім алуда. Олар бокс, дзюдо, күрес, джиу-джитсу, аралас жекпе-жек (MMA), семсерлесу, футбол, волейбол, шахмат, жүзу және садақ ату сияқты спорт түрлерінде өнер көрсетіп келеді. Спорт бағыттарының мұндай кең ауқымы студенттік спорттың жоғары әлеуетін айқын көрсетіп, болашақ экономистердің физикалық, зияткерлік және кәсіби тұрғыдан үйлесімді дамып келе жатқанын дәлелдейді.

Қазіргі таңда экономикалық білім үлкен академиялық жүктемемен ерекшеленеді және жүйелі, жоспарлы жұмысты талап етеді. Сабақтан қалу немесе оқу талаптарын орындамау елеулі академиялық салдарға әкелуі мүмкін. Осыны жақсы түсінетін студент-спортшылар оқу үдерісіне ерекше жауапкершілікпен қарайды.

Тығыз жаттығу кестесіне және жарыстарға жиі қатысатынына қарамастан, олар сабақтарын жібермеуге тырысып, оқу қызметін алдын ала жоспарлап, барлық бақылау түрлерін уақытында тапсырады, семинарлар мен топтық жобаларға белсенді қатысады. Сондай-ақ көптеген студенттер студенттік ұйымдардың жұмысына, қоғамдық және волонтерлік бастамаларға атсалысып, азаматтық ұстанымының кемелдігін және өзін-өзі ұйымдастыру деңгейінің жоғары екенін көрсетіп жүр.

Осы оқу жылында сту-

денттеріміздің қажырлы еңбегі мен табандылығының нәтижесінде қол жеткізілген бірқатар жарқын жетістіктерді ерекше атап өткіміз келеді.

Солардың бірі халықаралық деңгейдегі жеңістерде ерекшеленіп, университет қауымдастығы үшін назар аударарлық мақтаныш – «Маркетинг» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Ораз Әмирхановтың жетістігі. Ол IMMAF-2025 Азия чемпионатында аралас жекпе-жек (MMA) бойынша Азия чемпионы атанды. Чемпионат Ливанның Джунне қаласында өтіп, 20 елден келген 400-ден астам спортшының басын біріктірді. Жас спортшы 18-20 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 74,8 кг салмақ дәрежесінде алтын медаль жеңіп алып, ел құрамасының жетістігіне салмақты үлес қосты. Бұл нәтиже оның жоғары спорттық әлеуетін, тәртібін және мінез мықтылығын айқын көрсетті.

Факультет үшін маңызды жетістіктердің бірі – 1-курс студенті Ерлан Тілеухановтың Бангкок қаласында өткен Asian Youth Chess Championships 2025 халықаралық турниріндегі жеңісі. Азиядағы ең ірі жасөспірімдер шахмат жарыстарының біріне айналған бұл додаға 32 елден шамамен 700 қатысушы жиналды.

U18 жас санатында Ерлан Тілеуханов 1-орынға ие болып, аналитикалық ойлау қабілеті, стратегиялық жоспарлау дағдылары мен психологиялық тұрақтылығының жоғары дең-

гейін көрсетті. Бұл жеңіс Қазақстанның халықаралық шахмат аренасындағы беделін одан әрі нығайтты.

Командалық рух пен жеке шеберліктің жарқын үлгісі – «Маркетинг» мамандығының 3-курс студенті Наргиз Сайдуллаеваның жетістіктері. Ол ҚР ұлттық құрамасы сапында халықаралық деңгейдегі бірқатар беделді жарыстарда табысты өнер көрсетіп келеді. Атап айтқанда Наргиз Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен семсерлесу бойынша Әлем кубогында командасымен бірге күміс медаль жеңіп алып, командалық есепте 2-орынға ие болды. Сонымен қатар Малайзияның Куала-Лумпур қаласында өткен Азия чемпионатында (U-23) семсерлесу спорт түрі бойынша II орын иеленуі оның жеке спорттық шеберлігін, табандылығын және жоғары дайындық деңгейін айқын көрсететін маңызды жетістік. Бұл нәтиже талпыныс пен еңбектің, ел намысын жоғары ұстаған рухтың жарқын көрінісі.

Біздің студенттеріміз республикалық деңгейде де жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді. 2-курс студенті Әділбек Біржанов Жезқазған қаласында өткен Қ.Байшолақов атындағы жастар арасындағы дзюдодан республикалық турнирде 1-орын иеленді. Бұл жеңіс табандылықтың, үздіксіз дайындықтың және мақсатқа адалдықтың нәтижесі.

Сонымен қатар факультет студенттері жүзу және садақ ату спорт түрлерінде де табысты өнер көрсетіп жүр. Бұл бағыттарда төзімділік, шоғырлану, дәлдік және өзін-өзі бақылау сияқты қасиеттер болашақ экономист пен басқарушы үшін аса маңызды кәсіби дағдылармен тікелей үндеседі.

Бір атап өтерлігі, бұл жетістіктер тек осы оқу жылы аясында қол жеткізілген маңызды көрсеткіштердің бір бөлігі ғана. Негізінде, Экономика және бизнес жоғары мектебінің студент-спортшылары жыл сайын республикалық және халықаралық жарыстарда жүлделі оралады.

ҚазҰУ-дың экономика факультетінің түлегі әрі осы студенттердің оқытушысы ретінде мен өз студенттеріміздің жетістіктеріне ерекше қуанамын. Олардың жеңістері кәсіби мақтаныш қана емес, шынайы қуаныш.

Экономика және бизнес жоғары мектебі өз студенттерінің жетістігімен шынайы мақтанады. Студент-спортшылар академиялық табыстылық, спорттық шеберлік пен жеке жауапкершіліктің үйлесімді үлгісін көрсетіп, университеттің беделін арттыруға зор үлес қосуда.

**Динара САДЫХАНОВА,**  
ЭЖБЖМ оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі декан орынбасары

**Қазақ поэзиясының көкжиегінде айрықша орны бар сыршыл да шыншыл жырларымен ұлт рухын асқақтатқан Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай, ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде мазмұны терең, тағылымы мол әдеби-мәдени іс-шара өтті.**



## Жүректе жаңғырған сыр

Аталған шараның мақсаты – поэзияны өмірінің өзегіне айналдырған ұлы ақынның рухына тағзым көрсету, оның мәңгілік мұрасын өскелең ұрпақтың жүрегіне сіңіру. Іс-шара барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылық тағдыры кеңінен таныстырылып, оның адам жанының ең нәзік иірімдерін дәл суреттеген өлеңдері оқылды.

Кеш шымылдығы Мұқағали жырларынан өрілген поэтикалық композициямен ашылып, қатысушылар ақын поэзиясындағы отаншылдық, махаббат, адамгершілік пен өмір философиясы туралы ой бөлісті. Әсіресе жас оқырмандардың жүрегіне оқыған өлеңдері көрерменге ерекше әсер сыйлап, ақын жырының уақыт пен кеңістіктен тыс өмір сүретінін тағы бір дәлелдеді. Шынында, Мұқағали поэзиясы уақытпен өлшенбейді, ол ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып қала береді. Ақынның жыры бүгін де өзекті, себебі ол адам жанын мазалаған сұрақтарға жауап береді. Кеш барысында студенттермен бір шығармашылық толқында болып, жастарды ұлттық құндылықтарды қадірлеуге, білім мен еңбекті

өмірлік ұстаным етуге шақыру миссиясына факультет деканы Жұлдыз Сайрамбаева да белсенді қатысты.

Мамандықтары өнер жолымен ұштаспа да, ақық ақынның шығармаларын сүйіп тыңдар, жаны лирика деп соғатын Ұрымхан Жолтаев, Болат Аязбекұлы кешіміздің сәнін келтірді. Жылдар бойы қоғам игілігіне қызмет еткен азаматтардың ақын туындыларына деген шексіз ықыласы жас буынға үлгі болғаны сөзсіз. Одан бөлек, кешіміздің ардақты қонақтары ретінде өмір жолын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұстаз Серік Имашұлы, адам жанының терең иірімдерін шынайы жырмен өрнектей білетін біртуар ақындар Әбдрахман Белғожаев, Жұмаш Кенешбай (Көкбөрі) бой көрсетті. Кеш қонақтары студент жастарға өмірлік тәжірибеден туған тағылымды ойларымен бөлісіп, білім мен рухани ізденістің маңызын тереңнен тарқатып айтты.

Мұзбалақ ақынның рухына арналған әдеби кеш ұлттық тынысы, асыл құндылығы екенін осылай тағы бір мәрте аңғартты.

**Гүлнар КӘРІПБАЕВА,**  
оқытушы

## Шетелдіктерге арналған тәрбие сағаты

**Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінде «Қазақ халқының қонақжайлығы мен дәстүрлі өмір салты» деген тақырыпта шетел студенттеріне арналған тәрбие сағаты өтті.**



Оған бірнеше ұлттан құралған (Моңғолия, Қытай, Түрікменстан) «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының 1-курс білім алушылары (АЖ-25-1 және АЖ-25-2 топтары) қатысты. Тәрбие сағатының негізгі мақсаты қазақ халқының қонақжай дәстүрі, дастархан мәдениеті, үлкенге құрмет көрсету, ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлі өмір салты туралы мазмұнды ақпарат беру болды.

Іс-шараға қатысушылар қазақ мәдениетінің ерекшелігімен танысып, ұлттық құндылықтардың маңызын тереңірек түсінді. Жиында ұлттық мәдениетті насихаттайтын видеоролик көрсетіліп, домбырамен орындалған қазақтың ұлттық күйлері қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Сонымен қатар сұрақ-жауап сессиясы ұйымдастырылып, студенттер өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Тәрбие сағатына қатысқан шетелдік студенттер қазақ халқының кеңпейілділігі мен қонақжайлығына

жоғары баға беріп, мұндай мәдени-танымдық шаралардың түрлі мәдениет өкілдері арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Іс-шара соңында студенттер қазақ халқының қонақжайлығы мен ұлттық әдет-ғұрыптарын тәжірибеде көру мүмкіндігіне ие болды. Қатысушылар қазақтың дастархан мәдениеті, ыстық шай мен ұлттық тағамдар – бауырсақ, қымыз және құрт сияқты дәстүрлі тағамдар арқылы қонаққа деген құрмет пен мейірімділікті сезінді.

Мұндай тәжірибелік іс-шаралар шетелдік студенттер үшін Қазақстан мәдениетін терең түсінуге, сонымен қатар олардың қазақ халқының өмір салтына деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

**Бақытгүл ІЛЕСОВА,**  
Ақпараттық жүйелер кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға оқытушы  
**Қуаныш ҚОБЛАНОВ,**  
куратор

# Мақсат – жаңа буын зерттеушілерін қалыптастыру



Қазақстан Республикасы Президентінің жасанды интеллект пен цифрлық трансформацияны дамыту жөніндегі тапсырмалары аясында Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының ұйымдастыруымен «Білім беру саласындағы жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен келешегі» тақырыбында халықаралық деңгейдегі қысқы мектеп өтті. Іс-шара гибридік форматта Алматы қаласындағы Аюсай шатқалында орналасқан TAU HUB коворкинг орталығында ұйымдастырылды.

Қысқы мектептің өтуіне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, сондай-ақ халықаралық серіктес LUPIC жобасы аясындағы SeoulTech университеті (Корея Республикасы) қатысты. Сонымен қатар Өзбекстан және Қырғызстан университеттерінен онлайн форматта қосылған серіктестерді қоса алғанда, іс-шараға 50-ге жуық қатысушы жиналды.

Қысқы мектептің негізгі мақсаты – қатысушылардың пәнаралық зерттеу құзыреттерін дамыту, химия саласына деректер ғылымы мен жасанды интеллект құралдарын енгізу арқылы жаңа буын зерттеушілерін қалыптастыру, сондай-ақ университеттер арасындағы ғылыми-білім беру ынтымақтастығын нығайту болды.

Іс-шара бағдарламасы бірнеше мазмұнды бағыттарды қамтыды. Атап айтқанда: Data-Driven Science аясында химия мен экология саласындағы деректерді талдау және модельдеу, зерттеушілерге арналған AI/LLM құралдарын қолдану, үлкен деректер мен суперкомпьютерлік есептеулер мәдениеті, сондай-ақ химияны оқытудағы білім беру инновациялары мен кері байланыс мәдениетін жетілдіру мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар Chemistry және AI бағытындағы бірлескен пилоттық жобалар мен зерттеу интен-

сивтеріне ерекше назар аударылды.

